



## Бұлдіршіндерге естен кетпес сый жасады

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Өскемендеңі облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында айтулы мерекелік шара өтті.

Мекеме білдей бір қаланың тырақтай ғана бұрышын алып жатқанымен, ауласы адам айналып ентігерліктей, мейлінше кең. Дүбірлеген той, думанды шуыл, көнілді ауенін құлағыңыз шалып қалып, дарбазасынан сығаласаңыз, өзге әлемге тап боласыз: қорбандаған аю, қалқанқұлақ қоян, сауыт киген батыр, сылқылқылғыңыз құлған сұлулар, екі беті алмадай қызырған сайдымазқтар, қойшы әйтеуір, небір «жақсылар мен жайсандар» жиылып, ерсілі-қарсылы жүгірген бұлдіршіндердің көнілін аулап, кереметке батырып жүр. Элде арнайы киінген адам, әлде, шынымен де, ертегі кейіпкерлерінің өзі келгенін айырып болмастай – ғажап. Ауып кеткен аңсарымды ауыздықтай алмай, сол ортаға еміне еніп кеттім. Түрлі үлттық үлттық нақыштагы киімін киген өнерпаздар, бүгінгі мейрам үшін ат арытып алыс-жақын елдерден келген болалар деп түйдім, жар салып, барша жанды



анадай жердегі саҳна тәнірегіне жиып алды. Жиып алды да, мерекелік концептті өлеңдетіп-жырлатып бастай жөнелді. Ізін ала «аюлар мен қояндар», «батырлар мен сұлулар» дөңгелене биледі, әуелетіп ән шырқады. Қазақтың үлттық киіміндегі бұлдіршіндер де өздерінің

өнерлерін ортаға салып, думанның көркін қыздыруда. Мың бұралған би көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, тәмамдалған тұста кітапхана директоры Кулзада Карчалова жиналғандарды мерекемен күттіктауды.

– Біз әрбір мейрамда өзіміздің тұрақты оқырмандарымызға, жанашыр жақындарымызға алғыс айтып, марапаттаймыз. Сол үрдісіміздің жібін үзіп алмай, бүгін де әрмен қарай жалғастырамыз, – деді кітапхана басшысы. Мекеменің үйітқы болуымен өткен шараларда белсенділік танытқандары үшін Илона Филиппова, Елена Сафонова мен Алина Какишева және «Бельканто» вокалдық студиясы марапат иегері атанды.

Сабантойға қонақса келген «Нұр Отан» партиясы «Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалының тәрайымы Маржан Бақытқызы сөз алып, бұлдіршіндерге жүрекжарды тілегін арнады.

– Тұнғыш рет өтіп жатқан «Балалар са-

бантойы-2016» атты шараның ел болашағы – бұлдіршіндеріміздің кітап оқуға деңген қызығушылықтарын арттыруға үлеси тиетініне сенемін. Бұдан ары балаларды рухани бай, отансүйгіштікке тәрбиелеу жолында жұмыла жүріп қызметтер атқарар болсак, талай белестерді бағындыратынымызға бек сенімдімін, – деді ол.

Тойдың ендігі бөлігі ақшаңқан киіз үйдің ауласындағы алтыбақан, асық ату, аксүйек сынды үлттық ойындармен жанданып, тәттідәмдін тегін үлестірген «дүкен» мен ермексаз үйірмесі дүңгіршегінің айналасында өрбіді. Үрлемелі батуттардың да төнірегі қызықтатолы. Мерекелі қауым жайлайдағы ат шаптырып, көкпар тартқан тойдан қайтқандай, арқажарқа күліп, бірін-бірі әзілмен түртпектеп, қунақ тарқасты.

– Алда ұзақ әрі ғажапқа толы жазғы демалыс. Сол демалыстың есігін алғаш болып айқара ашқан – бүгінгі думан! Сабантой – достықтың дәнекері! Тұнғыш рет өтіп жатқан және де жалғасын табатын «Балалар сабантойынан» тыс қалмақыздар, – дейді кітапхана директорының орынбасары Күлмария Балташқызы.

Тасқын Болатұлы